**2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 25 қарашадағы № 1315 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 желтоқсанда № 9-2-148 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5 ) тармақшасы, 20-бабының 5-тармағының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 6, 7, 8-тармақтарының негізінде Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың, толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көзі Рудный қаласының қалалық бюджеті болып белгіленсін.

2-1. Еңбекақы төлеуге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде әлеуметтік салықты төлеуге және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарға, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға тиесілі жалақы есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне делдалдық сыйақы төлеуге арналған шығындар жергілікті бюджеті қаражатынан өтелетіні белгіленсін.

Ескерту. Қаулы 2-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2010.06.21 № 639 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде көрсетілген ұйымдар арасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауға шартта көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және көлік бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері қосымшаға сәйкес тізбеде белгіленген кәсіпорындар көрсететін жұмыстар мен қызметтерге төлеу кезінде қоғамдық жұмыстардың түрлері

мен көлемдерін ескерсін.

5. Әкімдіктің 2009 жылғы 21 қазандағы № 1253 "2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысы жойылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

7. Осы қаулы оны алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі Н. Денинг*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Рудный қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

______ *В. Башков*

*"Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қостанай облысы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

______ *К. Бекмағамбетов*

*"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қостанай облысы бойынша салық департаментінің Рудный қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

______ *Е. Зикеев*

*"Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің Қостанай облысының соттар әкімшісі" мемлекеттік мекемесінің сот әкімшісі*

______ *Е. Даржибаев*

*"Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты" "Рудный қалалық мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесі филиалының директоры*

______ *Қ. Тілеуова*

Рудный қаласы әкімдігінің
2009 жылғы 25 қарашадағы
№ 1315 қаулысымен бекітілді

## Ұйымдардың тізбесі,
## қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың, толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2010.06.21 № 639 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); 2010.07.27 № 733 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

| № | Кәсіпорындардың атауы | Жұмыстардың түрлері | Жұмыс-тардың көлемдері | Жалақы төлеу |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Рудный қаласы әкімдігінің "Горняцк поселкесі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде күнделікті көмек көрсету | 252 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| 2 | "Қашар поселкесі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде күнделікті көмек көрсету | 252 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| 3 | "Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің Қостанай облысының соттар | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде | 1260 адамкүн | Ең аз жалақының |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әкімшісі" мемлекеттік мекемесі | күнделікті көмек көрсету | | 1,5 мөлшері |
| 4 | "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қостанай облысы бойынша салық департаментінің Рудный қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде және халықпен жұмыс істеуде күнделікті көмек көрсету | 1260 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| 5 | "Қостанай облысы Рудный қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде, әскери қызметін атқару үшін азаматтарды шақыру бойынша шақыру қағаздарды ресімдеуде және жеткізуде күнделікті көмек көрсету | 1008 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| 6 | "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысы Ішкі істер департаменті Рудный қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде және халықпен жұмыс істеуде күнделікті көмек көрсету | 2520 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | "Қостанай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде және халықпен жұмыс істеуде күнделікті көмек көрсету | 252 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| 8 | "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қостанай облысы Әділет департаментінің Рудный қаласының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде және халықпен жұмыс істеуде күнделікті көмек көрсету | 2470 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| 9 | "Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты" "Рудный қалалық мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесінің филиалы | Құжаттарды өңдеу және сақтау бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде күнделікті көмек көрсету | 246 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |
| 10 | Рудный қаласы әкімдігінің "Қалалық мәдениет және демалыс саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Қалалық мәдениет және демалыс саябағын күнделікті жинауда және абаттандыруда күнделікті көмек көрсету | 1500 адамкүн | Ең аз жалақының 2 мөлшері |
| | Рудный қаласы әкімдігінің | Рудный қаласының аумағын көгалдандыру | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | "Зеленстрой" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | бойынша жұмыстарда күнделікті көмек көрсету | 3 950 адамкүн | Ең аз жалақының 2 мөлшері |
| 12 | Рудный қаласы әкімдігінің "Рахат" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Рудный қаласы көшелерінің жүргінші жолын бойлайтын жиектерін үнемі қолмен тазарту<br>Рудный қаласының аумағын күнделікті жинауда және абаттандыруда көмек көрсету | 10080 адамкүн<br>10080 адамкүн | Ең аз жалақының 2 мөлшері<br>Ең аз жалақының 2 мөлшері |
| 13 | "Качарец" пәтер иелері тұтынушы кооперативі | Қашар поселкесінің аумағын күнделікті жинауда және абаттандыруда көмек көрсету | 2 520 адамкүн | Ең аз жалақының 2 мөлшері |
| 14 | "Рудный қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (мемлекеттік орган) | Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде күнделікті көмек көрсету | 85 адамкүн | Ең аз жалақының 1,5 мөлшері |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК